

Нағыз геолог

Көрнекті геолог-мұнайшы, ҚР Ұлттық және Инженерлік академия-сының академигі, Қарашығанақ мұнайгаз-конденсатты кен орнын алғаш ашушы Сухан Мақсұтұлы Қамаловтың еңбекке араласуы мен ғылыми қызметінің 50-жылдығы тойының алдында «Сухан Қамалов» атты кітап жарық көрді. Салтанаттың басты кейіпкерін және кітаптың авторы белгілі геолог Олег Марченконы құттықтау үшін облыстық филармонияның залына БҚО әкімі Б.С. Ізмұхамбетов, сонымен бірге мерейтой иесінің достары мен әріптестері, жақындары келді.

Кітаптың тұсаукесерін С.М. Қамалов жөніндегі «Адамдар үшін өмір сүру» атты Қарашығанақ телестудиясы дайындаған деректі фильм ашты. Кітап Нәсіпқали Марабаев атындағы «Мұнайшы» қоғамдық қорының қолдауымен басылып шықты және «Қазақ жерінің белгілі мұнайшылары» автобиографиялық сериясына кіреді. «Сухан Мақсұтұлымен араласқан, бірге жұмыс жасаған жылдар ішінде мен осындай жақсы адаммен, Қамалов сияқты ғалым, геолог, басшы, тәлімгермен таныс әрі жұмысқас болу бақытына ие болғанымды мақтан етумен келемін. Ол үлкен жүректі адам – ашықжарқын мінезді, ақылман кеңесші, Сухан Мақсұтұлы ғалым не практик қана емес, үлгілі жар, әке, ата да. Өмірінің барлық кезеңдерінде, соның ішінде қандай күрделі жағдайларда да айнымас қолдаушысы, жан жары Әмина апаның да еңбегі ерекше», - деп атап көрсетті облыс басшысы. БҚО әкімі ҚР Энергетика және минералды ресурстар министрі С. Мыңбаевтың Алғыс хатын да тапсырды.

С.М. Қамалов туралы шығарылған кітаптың беттерінде бүгінде арамдыда жоқ, бірақ та еңбектері Қарашығанақ тарихында мәңгі қалатын И.Ф. Лапшин, А. Жарылғасов, Х.А. Елеуов, Ю.П. Блинов, А.И. Золотов, т.б. да көптеген Сухан Мақсұтұлымен жұмысқас болғандардың есімдері аталады. Ол аттары ұмытылмас әріптестерінің жарқын бейнесін еске алып, солардың құрметіне бас иіп, тағысын етуді ұсынды.

С.М. Қамалов «Мұнайшы» қоғамдық қорын құрушылардың бірінен саналады.

Бұл қордың қызметі қалың оқырмандарға өз еңбегімен танымал болған геологтардың өмірі мен қызметімен танысуға мүмкіндік береді. Осы жолғы сериясы оның өзіне арналғаны қандай тамаша. Мерекелік кеште атап көрсетілгендей кітап авторы Сухан Мақсұтұлының еңбек жолының ізімен жүріп отырған. Сонымен бірге ол биылғы жылы 110 жыл толған өндірістің басты секторының бірі - Қазақстанның мұнайгаз саласының аяғынан тұруы мен өркендеу тарихы жөнінде жеңіл тілмен жеткізе білген. Адамға табысқа жету үшін тек еңбек сүйіштілік қасиет аз екені белгілі, көшбасшы әруақытта да ізбасарлар мен достарды, әріптестерді қажет етеді. С.М. Қамаловтың басшылық стиліндегі ерекшелігі - ол әруақытта да өзінің айналасына адамдарды топтастыра білді, үлкен өндірістік еңбек ұжымының қызметін бір мақсатқа бағындыра алды. Бұл кісіні жақсы білетіндер оның тұрақты қағидасын еске алды: адамдар нәтижелі еңбек ету үшін оған сәйкесті жағдай туғызу керек. Сондықтан да Қамалов жұмыс жасаған жердің барлығында ең бірінші жұмысшылар тұратын вахта қалашықтары салынды. Еңбек жағдайында не ғылыми жағдайда болсын Сухан Мақсұтұлымен танысқандардың қай-қайсысы да, оның қиындықтар мен күрделі жағдайларды көтере білуге мүмкіндік беретін ғажайып өмірлік табандылығын, орасан зор өндіріс көлемін игеріп қана қоймай, оның мақсатқа сай екендігін дәлелдеуге көмектескен өжеттілігін атап айтады. Оны терең ақыл-ой, алдына қойған мақсатына жетудегі қажыр-қайраты ерекшелендіріп тұрады. Ол өзіне сенімділігі мен тұрашыл мінезінің арқасында әруақытта да кәсіби позициясының дұрыстығын дәлелдей алды. Ұжым өз еңбектерінің жемістілігіне сенімді болған жағдайда, әсіресе басшымен пікірлері бір болса жұмыс жеңілдей түседі ғой.

«Мұнайшы» қоғамдық қорының атынан С.М. Қамаловқа «Алғыс хат» табыс етілді.

Бұл жай отбасылық мереке емес, еңбек және ғылыми қызметінің 50 жылдығы, бүкіл Қазақстанның мұнайгаз саласының атаулы күні. Геолог-барлаушылардың жаңа ұрпағы Сухан Мақсұтұлының жемісті еңбегін үлгі тұта отырып, атағы зор ұстаздарының елеулі еңбегінің нәтижелеріне таңдай қағумен тәрбиеленіп келеді. Ол Орал жерінде алғашқы болып мұнайшылар династиясының негізін қалады. Өйткені Қамаловтың екі ұлы да бүгінде өз білімдерін жастарға үйретіп, ғылыми ұрпақ жалғастығын дәлелдеп келеді. Біраз жасқа келгеніне қарамастан Сухан Мақсұтұлы әлі де жұмыс жасап жүр, бұл дегенінің жас мамандар үшін өнеге боларлық қасиет. Сухан Мақсұтұлы басқарған «Газжобалау» ғылыми-зерттеу институтындағы ерекше қызметті туралы да айтпай кетуге болмайды. 90-шы жылдардағы тоқырау мен жалақы төлей алмаған қиын кезеңде де Қамалов алдынала болжай білетін және ұйымдастыра білетін қасиеттерінің арқасында өз қызметкерлерінің ғылыми жобаларын жүзеге асыруды және «Қазақгаз» бен «Қарашығанақгазпромын» тапсырыстарын орындауды жүзеге асыра алды. Институт елді мекендерді газдандыру жобаларымен, маңызды әлеуметтік нысандарды қайта конструкциялау мен құрылыстарын салумен айналысады. Бұл институт өз саласында сапа менеджменті жүйесін енгізген алғашқы мекеме болып саналады.

Қарашығанақты Сухан Мақсұтұлына көзі тірісінде қойылған ескерткіш деуге болады. Мұнай мен газ қоры жөнінен әлемдегі ірі кен орнының игерілуі - өз халқының, өз Отанының игілігін, әл-ауқатын көтеруге ұмтылған адамның қаншалықты көп істер атқара алатынының жарқын көрінісі.

Өткен өмірдің даңқты жылдары туралы жылы лебіздер айтылатын, еңбек адамдарының сіңірген еңбегі аталатын осындай кештер әсіресе осы игіліктерді

пайдаланушы жастарға қажет-ақ, - деп атап көрсетті ұйымдастырушылар, өйткені бүгінгі студенттер осыдан барып өздері үшін дұрыс кәсіби және өмірлік таңдауларын жасайтын болады.

Сухан Мақсұтұлымен кездесуге Арнайы Москвадан келген геолог Б.Н. Москаленко: «Осындай адамдар туралы айту керек, газеттер мен журналдарда жазу керек, кітаптар шығарып, теледидардан көрсету керек. Менің жеке өмірімде Сухан Мақсұтұлымен кездесудің ерекше орны бар. 1986 жылы мен газ өндірушілер қаласы Ақсаймен және кен орнымен танысу үшін осында келдім және Қамаловтың шешімімен 20 жылға жұмыс істеуге қалдым. Қарашығанақсыз менің өмірімде бір нәрсе жетіспей тұрар еді. Осы Орал жерінде мен қазақстандықтардың қонақжайлығын, еңбекке деген ерекше көзқарастарын, жолдастыққа, өзара көмекке дегендегі ерекше сезімдерін сезіндім», - деп атап айтты.

Бұл кітап мамандар мен Қазақстандағы мұнайгаз саласының өркендеу тарихы қызықтыратындар ортасында бірден назарға иілді. Оны оқырмандары әдеби позициядан емес, мазмұны жағынан, күрделі ғылыми материалдың баяндалу мәнері жағынан, еңбегі сіңген абыройлы азаматтың өмірі мен қызметі тақырыбының маңыздылығы бойынша жоғары бағалап отыр.

Бұл жерде автордың еңбегі үлкен. КПО-ның атынан сөз сөйлеген еңбек ресурстарының меңгерушісі Серджио Зановелло компанияның Сухан Мақсұтұлы Қамалов сияқты ғалымның, геологтың, мұнайгеологбарлаушысы және осындай жоғары дәрежедегі басшының мұрагері болып табылатынын компания қызметкерлері мақтаншы ететінін айтты: «Қарашығанақ кен орнының ашылуына 30 жыл толған жылы біз осы жобаның іргетасын қалаған осынау азаматқа алғысымыз бен құттықтауымызды жолдаймыз». Ол сонымен КПО компаниясы кен орнының операторы ретінде табиғат байлығын игеру жұмыстарында ресурстарды сақтау мен қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етудің барлық жағдайларын жасайтынына сендірді.

КПО жаңа экологиялық орталықты пайдалануға береді

Қазан айының 16 күні «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг» (КПО) компаниясы қоғамдық ұйымдардың назарына әлемдік деңгейдегі экологиялық орталықты ұсынды. Ол қайталап қайта өңдеу мен бұрғылау ерітіндісі мен шламды қоршаған ортаны қорғау мен экономикалық рентабельділігін ескере отырып көмуді жүзеге асырады.

КПО-ның бас директоры Джузеппе Паззи: «Қоршаған ортаны қорғау мен табиғат байлығын есеппен пайдалану бойынша қабылданған міндеттемелерге сәйкес, КПО кәсіпорнының экологиялық көрсеткіштерін жақсарту мен жұмыс тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін қалдықтарды басқарудың сенімді процесін

жасақтап шығарды», - деп атап көрсетті.

- КПО біздің компаниямызды жою, қайта өңдеу, бұрғылау ерітіндісі мен шламды қауіпсіз орналастыру бойынша Қазақстан ана емес, бүкіл әлемдік көшбасшылардың қатарына енуге мүмкіндік беретін алдыңғы қатарлы технология енгізіп отыр. Бұл соңғы бес жыл ішінде кәсіпорының экологиялық қызметін жақсартудағы КПО компаниясы қол жеткізген маңызды жетістіктердің қатарындағы тағы бір үлкен жетістік, - дегенді қосып айтты Джузеппе Паззи.

Экологиялық орталық бұрғылаудың сұйық және қатты қалдықтарын қауіпсіз қайта өңдеу мен көмуді қамтамасыз етеді. Бұл жағдайда пайдаланы-

лушы жаңа заманға сай технология КПО-ға мұнай негізіндегі бұрғылау ерітіндісін қолдануға көшуге мүмкіндік береді, ал бұл өте тиімді. Өйткені ұңғымаларды бұрғылау кезінде суды пайдалану деңгейін және шлам көлемін азайтады, сол сияқты ауаны ластауды төмендетеді. КПО Экологиялық орталықты пайдалануға енгізуінің арқасында қымбат базальқ май алып, оны қайта пайдалана алады. Мұнай негізіндегі бұрғылау ерітіндісі 65 пайызды құрайды. Айналып келгенде Қазақстан республикасы үшін және Қарашығанақ кәсіпорны бойынша әріптес компаниялар үшін үлкен табыс табу болып саналады.

Будан басқа КПО-ның Экологиялық орталығы аума-



ғында қазіргі уақытта өндірістік қалдықтарды көмудің қауіпсіздік пен қоршаған орта- стационарлық полигонының ны қорғаудың барлық талап- құрылысы жүріп жатыр. тары мен стандарттарына сай



ЛУКОЙЛ делегациясы Қарашығанаққа келді

ЛУКОЙЛ Overseas компаниясының негізінен топ-менеджерлерден тұратын өкілетті делегациясы қазан айының ортасында Қарашығанақ кен орнына келді. Делегацияның келуінің негізгі мақсаты - кен орны аумағында орналасқан өндірістік нысандармен танысу, сол сияқты КПО компаниясының ағымдағы өндірістік қызметімен танысу, КПО компаниясының Жобадан қолданып отырған кен орнын игерудің озық әдістерін талқылау үшін компания басшыларымен кездесу.

ЛУКОЙЛ Overseas делегациясы сапар барысында КПО-ның ең жоғары басшыларымен кездесті, сол сияқты Қарашығанақ кен орнының өндірістік нысандарын аралап көрді. Сонымен бірге КПО өкілдерімен жұмыс жиыны болып өтті, онда жоғары мәртебелі қонақтар назарына Қарашығанақ кен орнының өркендеуінің негізгі аспектілеріне қатысты, сол сияқты оның аймақтың әлеуметтік және экономикалық саласына қосатын үлесі туралы нақтылы ақпарат ұсынылды.

Туған күніңмен, Ақсай!

Қазан айының жиырма үшінде Ақсай Қала құрмына атап өтті. Таңертеңнен күннің салқындығы білінсе де мерекке жоспарланғандай өтті және оған қатысқандар үшін бағдарламасының түрлішелігімен есте қалды. Бұл күнгі Бөрлі ауданының қонақтарының ішінде БҚО әкімінің орынбасары Нұрлан Ноғаев, БҚО көрші аудан әкімдері және Ресейдің көршілес Орынбор, Саратов және Самара аудандарының әкімшілік басшылары болды.

Ақсайдың туған күні мерекесінің бағдарламасы Ұлы Отан соғысында қаза тапқандарға орнатылған ескерткішке гүл шоқтарын қоюдан басталды. Содан кейін қонақтар соңғы жылдары қайта жанданып, гүлденген ардагерлер саябағын аралады. Қонақтардың назарына қала тарихына арналған экспозиция, шығармашылық қызметкерлер әзірлеген шағын концерттік бағдарлама ұсынылды. Бұл концертте ауданның қоғамдық өмірінен қағыс қалмайтын соғыс және еңбек ардагерлері Хоры және «Ақ жаулықты әжелер» ансамблі белсенді өнер көрсетті.

Содан кейін Абай даңғылы бойымен театрландырылған шеру өтті, оған қалалық мектептің оқушылары, спортшылар, би ұжымдары қатысты. БҚО әкімінің орынбасары Нұрлан Ноғаев қала тұрғындарын құттықтады: «Ақсай сіздердің көз алдарыңызда көркейіп, гүлденіп келеді, осындағы әрбір азаматтың оның Қарашығанақ кен орнын игерумен тығыз байланысты өркендеуі мен дамуына тікелей қатысы бар. Бөрлі ауданында күрделі құрылыс бойынша, инфрақұрылымды жақсарту, әлеуметтік саланы өркендету мен қолдау бойынша қомақты істер атқарылып жатқанын бірден байқауға болады. Бұл жерде де тұрғылықты халықтың тікелей еңбегі барын айтпай кетуге болмайды. Бүгін сіздерде



өз қалаларыңыз үшін мақтануға барлық негіз бар, ал жаңадан салынған нысандар, жолдар аудан орталығының гүлденуі осы мақтаншыты нығайта берсін!».

Бөрлі ауданының әкімі Болат Әдіметұлы Шәкімов мерекенің барлық қонақтарына алғыс айтты: «Біз бүгін жаңа дәстүр бастап отырмыз, енді жыл сайын осылай Қала күнін тойлайтын боламыз. Ал бұл мереке сөзсіз өз жалғасын табады және ақсайлықтардың сүйікті мерекесіне айналады деп сенеміз. Қаламыз жыл сайын жақсарып келеді. Бүгінгі таңда біз жаңарған көшелеріміз және даңғылдарымызбен, жаңа саябақтарымызбен және әдемі ғимараттарымызбен мақтана аламыз. Мереке қарсаңында бой көтерген сахна мен оның

алдындағы әдемі алаң да қаланың көрікті жерлерінің бірі. БҚО әкімінің маған берген тапсырмаларын орындай отырып, мынаны баяндай аламын: соңғы екі жыл ішінде ауданда 11 мектеп, 10 мәдениет үйі мен клуб, 4 балалар бақшасы қайта тұрғызылды және күрделі жөндеуден өтті, 6 қабатты арендалық үй және дөрігерлерге арналған он екі пәтерлік үй тұрғызылды. Сонымен бірге селолық округтерде 22 пәтер салынды, 17 пәтер тұрғызылуда, ал Ақсайда 14 шақырым көшеге асфальт төселді, 18 шақырымға бордюр қойылды, қаланың ескі бөлігінде 12 кәше жөндеуден өтті, «Жол картасы» шеңберінде биыл Ақбұлақ, Ақсу және Жаңақоныс селолары газдандырылмақшы.

Бұл жұмыстардың барлығы да БҚО әкімі Б.С. Ізмұхамбетовтің қолдауымен, КПО-ның қаржылық көмегімен, аудандық әкімдіктің белсенді позициясының арқасында, аудандық мекемелер мен аудан жұртшылығының күш салуының арқасында жүзеге асырылды. Біз Ақсай қаласы Қазақстанның шағын қалаларының ішіндегі ең әдемісі болуға тиіс және бола алады деген сенімдіміз!».

Джузеппе Паззи КПО-ның бас директоры қызметіндегі алғашқы көпшілік алды сөзі мен Ақсай қаласының туған күнінің қатар келуіне қуанышты екенін атап айтты: «Мен барлығыңызды құттықтауға мүмкіндік туғанын қуаныштымын және осы тама-ша мерекеге шақырғандарыңыз

үшін көп рахмет. КПО өзін жұмыс жасап және өмір сүріп отырған қоғамның толыққанды мүшесі деп санайды, сондықтан да шапшаң дамып келе жатқан Ақсайдың қуанышын бірге бөлісу бақытына бөлінуде. Өрине, бұл қаланың КПО-дан жасы үлкен, бірақ соңғы 10 жыл ішінде біз Ақсайдың қалай өсіп, нығайып келе жатқанының куәсіміз. Әкім Б. Шәкімовтың және оның алдындағылардың басқаруымен, аудан тұрғындарының күш салуының арқасында Ақсай батыс аймақтағы көрікті қалаға айналды, ол жақсарды, тұрмысқа ыңғайландырылды – бұл жерде КПО-ның еңбек үлесі бар. Салынып жатқан мектептер мен бала бақшалар, жаңа жұмыс орындарының ашылуы – Қарашығанақ кен орнын игерудің жемісінің бір бөлігі деуге болады. Біз Ақсайдың гүлдене түсетініне сенімдіміз және КПО компаниясы бұл биік мақсат үшін қолдан келгеннің бәрін жасайтын болады».

Н. Искалиев, С. Умбиталиев, Б. Ахметов, И. Левченко, В. Матюшенцев, А. Кедров бастаған құрметті қонақтар ақсайлықтарды құттықтап, жылы сөздерін, ақ тілектерін арнады. Сонымен қатар осы күні экологиялық байқаудың жеңімпаздары анықталып, қалалық №4 орта мектептің директоры М.К. Махауоваға, «Алға» ЖПЖК төрағасы А.У. Көкебаевқа, қала тұрғыны В.В. Гречинаға дипломдар табыс етілді.

Бұл кезде генерал Жеңгіров атындағы саябақта қолданбалы өнер бойынша көрме ұйымдастырылып, сахнада әртістер өнер көрсетіп жатқан болатын. Ал орталық стадионда футбол ойыны қызып жатты.

Қала күні мерекесі күні бойы тойланып, кешке от-шашумен аяқталды. Бұл күн халықтық мерекеге айналатыны сөзсіз, өйткені халық мереке – думанды қашанда жақсы көреді.

Өз болашағыңды жаса

Орал қаласындағы А.Н. Островский атындағы драма театрында қазан айының 22 күні «Өзіңнің болашағыңды жаса» атты Жастардың Қарьера Форумы болып өтті. Оны ұйымдастырушылар Батыс Қазақстан облысы жастарының Іскерлік Кеңесі мен «Қараағанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» (КПО) компаниясы.

Форумның жұмысына Қазақстанның 30-дан астам ірі компаниясының өкілдері, сол сияқты облыстың мемлекеттік, қоғамдық, саяси, эксперттік және бизнес құрылымдарының өкілдері қатысты.



Форумның бағдарламасы бойынша жастар арасындағы карьера (қызметте өсу) мәселесі, соның ішінде аталған мәселеге компаниялардың қатысу перспективасы талқыланды.

Жастар форумына КПО компаниясының атынан еңбек ресурсының меңгерушісі Джеймс Кларк пен КПО-ның қызметкерлерді оқыту және жан-жақты дамыту бөлімінің менеджері Елена Землянская қатысты. Шара барысында форумның негізгі спикері ретінде Джеймс Кларкқа КПО компаниясының Батыс Қазақстан облысындағы атқаратын рөлі туралы баяндама жасауға мүмкіндік берілді.

Сондай-ақ Джеймс Кларк облыс аумағындағы қоршаған ортаны қорғау жолындағы атқарылған жұмыстар мен Жобада пайдаланылып отырған алдыңғы қатарлы озат технология, аумақтың әлеуметтік дамуына қосқан үлестері туралы әңгімелеп және компанияның жергілікті мамандарды даярлаудағы әртүрлі оқыту бағдарламалары туралы айтып өтті.

Кәсіби деңгейін көтеруде

Қазанның бірінде Ақсай қаласының «Марко Поло» қонақүйінде тренинг және кәсіби оқу бағдарламасына қатысушыларға сертификаттар тапсырудың салтанатты рәсімі болып өтті.

КПО-ның бес маманы 2008 жылғы персоналды оқыту мен дамыту бағдарламасы бойынша оқуларын жемісті аяқтап шықты. ITOL (The Institute of Training and Occupational Learning / Дайындау және кәсіби оқыту институты) жасаған дамыту мен оқыту концепциясы тренинг және кәсіби оқу, бағалау немесе кәсіби даму саласында жасайтынды үшін ерекше кешенді шешім болып табылады.

Бағдарлама ұйымдағы оқу мен дамудың ролін түсінуге, сол сияқты оқу мен өркендеу бағытындағы табысты жұмысқа мүмкіндік беретін кәсіби тәжірибеге бағытталған негізгі теоретикалық білімді дамыту мақсат етеді. Курс КПО-ның Оқу орталығында өтті, оған Ұлыбританиядан кәсіби біліктілігі жоғары ұстаздар шақырылды.

Сертификаттарды КПО-ның персоналды оқыту мен дамыту бөлімінің менеджері Оксана Расторгуева мен Ambition IBQ компаниясының өкілі Елена Григорьева тапсырды.



Марапаттау рәсімі кезінде Оксана Расторгуева қазақстандықтардың кәсіби әлеуметтілігін көтеру КПО-ның басты бағыттарының бірі болып табылатынын атап өтті. Компания басшылығы мен КПО-ның персоналды оқыту және дамыту бөлімі халықаралық сертификат алған мамандар КПО-ға белгіленген мақсаттарға жетуде көмектесуі үшін қолдан келгеннің бәрін істейді деп сенеді, – деді Оксана бағдарлама түлектеріне арнаған сөзінде.

Сол сияқты ITOL шапшаң өсіп келе жатқан халықаралық институт екенін айта кету керек,

қазіргі уақытта ол тренинг, кәсіби оқу мен есуге мамандандырылған арналған кәсіби ұйым болып табылады.

Оқыту жөніндегі кеңесшілер, нұсқаушылар, оқыту жөніндегі менеджерлер, кәсіби сайлығы туралы мемлекеттік сертификатты бар эксперт-кеңесшілер ITOL мүшелері болып табылады. Бұдан басқа профессорлар, лекторлар, өндірістің әртүрлі саласында, коммерцияда, үкіметте, коммерциялық емес ұйымдарда, сол сияқты қарулы күштер қатарында жұмыс жасайтын басқарма басшылары да институт мүшелері болып табылады.